

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА - БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІ

Каримсакова Б.А.,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

***Аңдатпа.** Болашақ педагог мамандардың теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін ұштастыратын негізгі форма – педагогикалық практика болып табылады. В.Афанасьев: «Теория мен практиканың айырмашылығы – тәжірибеде. Теория деген не? Өткен ұрпақтардың жинаған іс-тәжірибесі. Практика деген не? Өзіміз жинақтайтын іс-тәжірибе. Теорияны да, тәжірибені де ескерген жөн. Теориямен нығайтылмаған тәжірибе ешқашанда тиімді болмайды, қандай тақырыпта сөз қозғалса да» - деп орынды айтқан екен. Болашақ педагог мамандардың педагогикалық қызметті меңгеруі тек теориялық оқу мен практикалық тәжірибе өзара байланыста болған жағдайда ғана жүзеге асады.*

***Тірек сөздер:** практика, студент, есеп, жетекші, мұғалім, оқушы, тәрбие, сабақ, жоспар.*

Мұғалімдерді кәсіптік даярлауда педагогикалық практиканың ролін бір жақты қарастыруға болмайды. Теория мен практиканың байланысы педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытудың басты принципі ретінде болашақ мұғалімдерді кәсіптік даярлаудың күрделі диалектикасы ретінде қамтып көрсетеді.

Педагогикалық практиканың маңызды міндеттері - оқу-тәрбие процестерін, мұғалімдер мен оқушылар әрекетін бақылауды үйрену, олардың өзара әрекетінің мәні мен логикасын түсіну. Студенттердің педагогикалық практика алдында ерекше толқынудың басты себептерінің бірі - олардың өз күшіне, қабілетіне сенімсіздігі.

Педагогикалық практикадан өту кезінде студент-практикант қаншалықты мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды. Тек ұзақ мерзімді практикада студенттердің бұрын меңгерген білімі мен қажетті білім қоры арасындағы қайшылықтары айқындалып, үздіксіз білім алу факторы туындайды. Студенттің кәсіби әрекеті мазмұнды материалдардың негізінде, практика барысында жетіледі. Бұл кезеңде студенттердің іскерлігі мен дағдылары қалыптасады және өзіне деген сенімі артады. Шығармашылық деңгейде жұмыс істеу барысында олар өз білімдерін дәлелдейді. Студент-практикант өз іс-әрекетін талдай отыра, жұмыс барысында туындаған қиыншылықтарды іскерлікпен шешеді.

Студенттердің іс-тәжірибесі жоғары оқу орындарында теориялық оқу барысында алған білімін нығайтуға және алдыңғы қатарлы тәжірибелерді

меңгеруге бағытталады. Болашақ маманға университет қабырғасында білімділік және кәсіптік бәсекелестікке төтеп бере алатын өз мамандығына ыңғайлы, қабілетті, ерекше педагогикалық қасиеттерді қалыптастыру қажет. Мұғалімге аса қажеттілігі: педагогикалық мамандыққа бейімділік, балалармен жұмыс істеуге айқын берілгендік, бейімділіктің көрінетін басты нәрсесі және мұғалім мамандығын тандай алудағы айқындаушы нәрсе балаларға деген сүйіспеншілік, т.б. қасиеттер. Балаларға деген сүйіспеншілік және олармен жұмыс істеуге ынта-ықылас болмайынша нағыз мұғалім болу мүмкін емес және ол өзінің педагогикалық шеберлігін де шыңдай алмайды. Оның негізгі бастамасы болашақ мұғалімді дайындау, қалыптастыру кезеңінде басталады. Бұл орайда педагогикалық практиканың алатын орны ерекше, өйткені қазіргі студент - болашақ ұстаз өзінің бейімділігін, шеберлігін, ыңғайлылығын, алған теориялық білімдерін мектеп өмірімен байланыстырып отырғанда ғана жүзеге асырады. Тек сонда ғана мұғалімге тән педагогикалық шеберлікке, іскерлікке жетуге жол ашылады.

Педагогикалық практика кезінде болашақ мұғалімнің оқушы мұқтажын сезінуі, қарым-қатынас психологиясын меңгеруі, әр оқушымен жеке дара жұмыс тәжірибесінің дамуы, ата-анамен байланысының күшеюі, оқушылардың өзін-өзі басқаруына жағдай жасай білуі, еңбекке қатынасын, үлкенді сыйлау, т.б. мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету әдістерін меңгеруі жүзеге асады. Осы бастама кейін тәжірибеде, мұғалімдік қызмет барысында өз жалғасын табады. Болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуында педагогикалық практиканың мәнін көтерудің бірнеше себебі бар: біріншіден, жоғары оқу орны қабырғасында өткізілген теориялық дайындықтар нәтижесі педагогикалық практика кезінде қолданылады да, оның жетістігі мен кемшілігі айқын көзге түседі. Екіншіден, педагогикалық практика кезінде студенттер оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа түсу арқылы оның жеке дара ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындайды, олардың мінез-құлықтарындағы кейбір кемшіліктерді түзетуге ұмтылады. Үшіншіден, педагогикалық практика кезінде студенттердің өзіндік «менінің» мәні арта түседі. «Мен білемін», «үйренемін», «үйретемін», «тәрбиелеймін», «қарым-қатынас жасай аламын» деген сияқты сенімі нығаяды. Оқушыларды тәрбиелеуге көңіл бөле отырып студент өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, қиындықты жеңуге, сол сәтте кездескен проблемалардың шешімін табуға үйренеді, педагогикалық ойлауы дамиды.

Практиканың негізгі міндеттері:

1. Студенттердің институт қабырғасында алған теориялық білімдерін тереңдету. Осы білімдерін оқушылармен жүргізетін оқу –тәрбие жұмысында қолдана білуге үйрету.

2. Оқытудың әр алуан әдістері мен тәсілдерін пайдалана білу. Оларды сабақтың жоғары әсерлігіне жету үшін тиімді үйлестіре білуге үйрету.

3. Студенттерде оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау іскерлігін қалыптастыру.

4. Оқушыларды ойлау қызметін жандандырудың тәсілдерін зерттеп біліп, оларды қолдана білуге үйрету.

5. Студенттерді балалар мен жасөспірімдердің психологиясы негізіне сүйене отырып, оқушылармен оқу – тәрбие жұмысын жүргізуге үйрету.

6. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізудің элементтерін қалыптастыруға үйрету.

Студенттердің педагогикалық практикасын өткізу кезеңінде оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын кешенді жүргізуге, оқу мен тәрбие жұмыстарының бірлігін іске асыруға, сонымен қатар оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, еңбек сүйгіштікке баулуға, оларға эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесін беруге бірден бір ерекше көңіл бөлінеді. Студенттердің мектептегі педагогикалық практикасының «Жұмыс бағдарламасы» кафедра оқытушыларының іс-тәжірибелеріне негізделіп, мемлекеттік стандартқа сәйкес жасалынған. Бұл бағдарлама факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі. Бағдарламада педагогикалық практиканың мақсаты, мазмұны, көлемі мен құжаттар үлгісі, сабақ жоспары, хаттама және талдау үлгісі көрсетілген. Бағдарлама кафедра отырысында талқыланғанады.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеті студенттердің жалпы теориялық, арнайы, психологиялық-педагогикалық әдістемелік жағынан дайындығы болып табылады. Педагогикалық практика біртіндеп кезеңмен жүзеге асады. Педагогикалық практика бастамас бұрын педагогика, психология кафедраларының жауапты оқытушыларымен бағыт беруші конференция өткізіп, студенттерді мектепте жасалатын жұмыстардың мазмұнымен, міндетімен таныстырады.

Педагогикалық практиканың негізгі кезеңі бекітілген мектептегі студенттердің жұмысы болып табылады. Педагогикалық практиканың міндеті мен мазмұнына сәйкес студенттер бірінші аптасында мұғалімдердің сабақтарына және сынып жетекшілердің сыныптан тыс жұмыстарына қатысады, практика кезінде жасалынатын оқу-тәрбиелік жұмысының өзіндік жеке жоспарын құрады.

Студенттер практика кезінде тәрбиелік және сыныптан тыс жұмыстар өткізіп, талқылауға және талдауға қатысады. Өткізілетін сынақ сабақтар саны және тәрбиелік іс - шаралар практиканың бағдарламасында және өткізу кестесінде анықталады.

Практика кезінде студенттер педагогика және психология кафедрасының оқытушылары басшылығымен жекеленген оқушыларға және сынып ұжымына психологиялық-педагогикалық мінездеме жасайды. Педагогикалық практиканың үшінші кезеңінде яғни, соңғы аптасында студенттер есеп беру құжаттарын дайындайды. Мектепте қорытындылаушы педагогикалық кеңес өткізіледі.

Педагогикалық практика университеттегі өткізілетін жалпы қорытындылаушы конференциямен аяқталады. Мектептегі студенттердің педагогикалық практикасының тікелей басшылығын топтық жетекшілер (педагогика және психология оқытушылар мен бірге жеке әдістеме кафедраларының оқытушылары) атқарады. Педагогикалық практиканы бағдарлама бойынша орындау мақсатында студенттерге тиісті кафедралардан топ жетекшілері, мектептен сынып жетекшілері бекітіледі.

Жалпы студенттердің тәжірибе кезіндегі жұмыстарын бағалау үшін рейтингтік бақылау жүйесі қолданылды. Қорытынды рейтинг балы педагогикалық тәжірибе бағдарламасында көрсетілген және оны кафедра оқытушылары студенттердің атқаратын жұмыстарын түгелдей ескере отырып алдын ала анықтайды. Педагогикалық тәжірибені бағалау үшін жетекшілер төмендегі әдістерді қолданады: студенттердің оқу сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізу үрдісіндегі қызметін бақылау; жеке сабақтарын талдау; студенттің пән мұғалімі, сынып жетекшісі, мектеп әкімшілігі берген мінездемелерін талдау, студенттердің әдістемелік, ғылыми – зерттеу, басқа да шығармашылық жұмыстарын талдау, студенттің оқытушы ретіндегі жұмысқа даярлығын өзіндік бағалауы, педагогикалық тәжірибе құжаттарын талдау (педтәжірибе мерзіміндегі өзіндік жұмыс жоспары, күнтізбелік жоспар, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының әдістемелік нұсқаулары, психологиялық тапсырмалардың материалдары, күнделіктері, жұмыс есебі).

Мақсатты ұйымдастырылған және тиянақты өткізілген педагогикалық практика студенттерді оқыту мен тәрбие жұмысының қазіргі өмірімен байланысын күшейтуге, болашақ ұстаздың балалар және жасөспірімдермен байланысын күшейтуге, болашақ ұстаздың балалар және жасөспірімдермен тығыз қарым -

қатынаста болуына және студенттің пән бойынша психологиялық - педагогикалық білімінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

Педагогикалық практика барысында, студенттер болашақ қызметінің қыр-сырын тікелей жұмыс орнында танып, психологиялық және кәсіби бейімделуден өтеді. Студенттер практика кезінде өздерін мұғалім ретінде сезінуге мүмкіндік алып, мектеп оқушыларымен қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне үйренеді. Педагогикалық практика болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруда, болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасуында үлкен және маңызды рөл атқарады. Практикадан өту барысында студенттердің теориялық білімдері тереңдетіледі, кеңейеді, нығайтылады. Студенттердің кәсіби білім-дағдылары мен кәсіби-тұлғалық қабілеттері қалыптасып, педагогикалық ойлауы, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Е.Әбілдаев. Педагогикалық практиканың ролі. Қазақстан мектебі, №11-12, 2005ж.
2. Ж.Әбдиев, С.Бабаев, А.Құдияров. Педагогика. Алматы, 2012ж.
3. Типтік оқу бағдарламасы. Жоғары кәсіптік білім. Алматы, 2005ж.
4. С.Әбенбаев. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2018ж.
5. С.Г.Губашева, А.Ж.Отарбай. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Алматы, 2021ж